

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

Ақтөбе қаласы
2009 жылғы 21. 12

№ 3074


город Актобе,
от _____ 200__ года

**«№49 Мектеп-бақша» ММ
жанынан кеңес беру орнын құру туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 маусымындағы №319-III «Білім туралы» Заңының 30 бабын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 5 ақпандағы №83 «Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды қолдану жөніндегі іс-шаралар Жоспарын бекіту туралы» қаулысын, облыс әкімдігінің 2007 жылғы 18 мамырдағы №162 «Ақтөбе облысында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды қолдану жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» қаулысын іске асыру мақсатында және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33, 37 баптарына сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ «№49 Мектеп-бақша» ММ жанынан тікелей басқару құқығындағы кеңес беру орны құрылсын.
2. Бекітілсін:
 - 1) Кеңес беру туралы Ереже (қосымша 1);
 - 2) Кеңес беру орнының штаттық кестесі (қосымша 2);
3. «Ақтөбе қаласының қаржы бөлімі» ММ (Р.Айдашева) «№49 Мектеп-бақша» ММ жанындағы кеңес беру орнын қаржыландыруды қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе қаласы әкімінің орынбасары С.Қалдығұловаға жүктелсін.

Қала әкімі



А.Мұхамбетов

қалалық білім бөлімі, Ақтөбе облысы білім басқармасы және тағы басқа мекемелермен бірлесе отырып қызмет көрсетеді.

5. Кеңес беру орнының өкілеттігі

5.1. Кеңес беру орның жұмысы бойынша туындаған мәселелерді шешуге ұсыныс білдіретін басқа да мекеме, ұйым басшыларын қатыстыруға.

5.2. Кеңес беру орны отбасы және қоғамдық тәрбие бірлігі бағытындағы жұмысты жүргізуге әдістемелік нұсқау жасап, оны апробациялауға.

5.3. Бала тәрбиесі, дамуы бағытындағы сұрақтарға байланысты ақпарат құралдарымен байланысты болуға.